



Үкіметте азық-түлік бағасын тұрақтандыру мәселесі қаралды

Премьер-министрдің орынбасары-Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалық етуімен инфляцияны тұрақтандыру жөніндегі кезекті кеңесте негізгі азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар бағасына қатысты жағдай талқыланды.

Қараша айында қазанмен салыстырғанда азық-түлік емес тауарлар бағасының өсімі 0,9%-ға дейін баяулады, ал азық-түлік өнімдерінің бағасы өткен ай деңгейінде (1%) сақталды. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына арналған баға индексі соңғы төрт апта бойы өзгеріссіз қалып отыр.

Серік Жұманғарин жылыжай көкөністерінің, әсіресе қияр мен қызанақтың маусымдық қымбаттауын ескере отырып, шекарадағы өткізу бекеттерінде түрікмен көкөністеріне шұғыл түрде «жасыл дәліздер» ұйымдастыруды тапсырды. Бұл шара әсіресе жылыжай өндірісі жеткіліксіз аймақтарды қолжетімді бағадағы көкөністермен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған.

Жаңа жыл мерекелері қарсаңында, 22-31 желтоқсан аралығында, елдегі супермаркеттерде «Bereke fest» акциясы басталады. Акция аясында фермерлерден тікелей жеткізілген әлеуметтік маңызы бар тауарлар төмендетілген бағамен сатылады. Сонымен қатар өңірлерде ауыл шаруашылығы және жаңа жылдық жәрмеңкелердің саны артады: желтоқсан айында еліміздің барлық өңірінде 800-ден астам жәрмеңке өткі-

зілмек. Тек өткен аптада 149 жәрмеңке ұйымдастырылды. Сауда комитетіне шалғай аудандарға, оның ішінде Маңғыстау, Ұлытау облыстарына тауар жеткізу бойынша көмек көрсету тапсырылды.

Сондай-ақ Ұлытау облысындағы күрделі логистиканы және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сақтауға арналған қойма орындарының тапшылығын ескере отырып, Серік Жұманғарин өңірде логистикалық орталық құру міндетін қойды. Аталған орталықтың қуаты азық-түліктің қажетті қорын сақтауға, логистикалық шығындарды қысқартуға және өңірлік тарту хабын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру тетіктері бойынша қолданыстағы ережелерге толықтырулар енгізу жұмыстары туралы баяндады.

Өзгерістер онлайн мониторинг жүйесін орнатуды міндеттейді. Қазіргі уақытта «Қазақтелеком» АҚ Қызылордада 3 мың шаршы метрлік қоймада пилоттық жобаны жүзеге асырып жатыр. Келесі жылы барлық әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар қоймалары осындай жүйелермен жабдықталып, бұл әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары қорларының болуына, сақтау жағдайлары мен сапасын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Өзгерістер жақын арада күшіне енеді деп күтіліп отыр.

Мерекеге тарту

Ардагерлеріміз бен жастарымыз озып тұр

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған облыстық «Жеңіске тағзым» патриоттық ән байқауында ауданымыздың намысын қорғаған «Сырлы Созақ» квартеті жүлделі I орынды иеленді.

Және қуаныш егіз болады демекші Созақ аудандық жастар орталығы Түркістан қаласында өткен «ЖЫЛ КӨШБАСШЫЛАРЫ» жастар премиясы байқауында жеңімпаз атанып, «Үздік жастар

орталығы» мәртебесіне ие болды. Алға бастар ардагерлеріміз бен жалын атқан жастарымызды қуанышты жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз!

Құрметті ардагерлер!

Түркістан қаласында өткен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған облыстық «Жеңіске тағзым» патриоттық ән байқауында ауданымыздың намысын қорғаған «Сырлы Созақ» квартеті жүлделі I орынды иеленді деген қуанышты хабарды зор ризашылықпен қабылдадық.

Өнерлері мен көпке үлгі болып, әсем әндерімен жүректерге жылу сыйлап жүрген қадірлі ардагерлерімізге шын жүректен алғыс білдіреміз. Ұрпақ тәрбиесімен қатар, өнерді өркендетіп, әрдайым белсенділік танытып келетін Сіздердің жеңістеріңіз – бүкіл



Созақ жұртының ортақ қуанышы, бәріміздің жеңісіміз.

Аудандық ардагерлер ұйымын осы айтулы жетістігімен құттықтай отырып, алдағы шығармашылық жолдарыңызға табыс, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге береке тілеймін. Өнерлеріңіз өрлей берсін!

**Ізгі тілекпен,
Мұхит Тұрысбеков,
аудан әкімі.**

Құрметті Созақ жастары!


Түркістан қаласында өткен «ЖЫЛ КӨШБАСШЫЛАРЫ» жастар премиясы байқауында жеңімпаз атанып, «Үздік жастар орталығы» мәртебесіне ие болуларыңызбен құттықтаймын!

Бұл – Созақ жастарының әлеуетін арттырудағы жүйелі жұмыстың, табанды еңбектің және ортақ жауапкершіліктің нәтижесі. Жастармен жұмыс істеу – елдің ертеңіне қызмет ету. Осы жолда Сіздер аудан жастарының азаматтық белсенділігін арттырып, білімге, еңбекке, отансүйгіштікке деген ұмтылысын нығайтуда маңызды рөл атқарып келесіздер.

Аудан жастарының бастамаларын қолдап, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, қоғамдық өмірге белсене араласуына жасап отырған қолдауларыңыз үшін алғысымды білдіремін. Бұл жеңіс–тек бір жұмысшы ғана емес, тұтас Созақ жастарының жеңісі деп білемін.

Алдағы уақытта да ел игілігі жолындағы еңбектеріңіз жемісті болып, жастар саясатын жүзеге асыруда биік белестерді бағындыра берулеріңізге тілектеспін. Сіздерге шығармашылық табыс, жаңа бастамалар мен толағай жетістіктер тілеймін!

**Ізгі тілекпен,
Мұхит Тұрысбеков,
аудан әкімі.**



«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасының жүзеге асырылу барысы талқыланды

Премьер-министрдің орынбасары-Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2023 жылы басталған «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының жүзеге асырылу барысы талқыланды.

Жиынға Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Ұлттық экономика вице-министрі Асан Дарбаев, Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Қажке-

нов, сондай-ақ өңір әкімдері мен әкім орынбасарлары онлайн режимде қатысты.

Кездесудің негізгі тақырыбы–медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысандарын салу, орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту және оларды білікті мамандармен қамтамасыз ету бағыттарын қамтитын «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын жүзеге асыру. Қазіргі уақытта жобадағы 655 нысанның 645-інің құрылысы аяқталды, бұл жоспардың 98%-ын

құрайды. Оның ішінде 226 нысан бұрын медициналық инфрақұрылым болмаған ауылдарда салынған, ал 419-ы ескірген ғимараттардың орнына тұрғызылды. Сонымен қатар жоба аясында қалған 10 МСАК нысаны жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Аида Балаева облыс әкімдіктеріне құрылыс-монтаж жұмыстарын, жобалық жұмыстарды дер кезінде аяқтап, әкімшілік кедергілерді жоюды тапсырды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Баспасөз-2026

Баспасөзге жазылыңыздар!

Құрметті басылымға жазылушылар! Ауданымыздың төл басылымы «Созақ үні» газетіне 2026 жылдың I-ші жарты жылдығына жазылу мерзімі басталды. «Созақ үні» газетіне жазылу үшін: «Ернұр-пресс» мекемесі арқылы-алты айға 3612 теңге.

«Қазпошта» мекемесі арқылы алты айға-жеке азаматтар үшін-3972 теңге 36 тиын, мекемелер үшін-5172 теңге 36 тиын.

Редакцияға келіп тікелей жазылушылар үшін, алты айға-3000 теңге.

**«Созақ үні» газеті
редакциясы.**



Тәуелсіздік күні қарсаңында жаңа тұрғын үй пайдалануға берілді

Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Шолаққорған ауылында жаңа тұрғын үйдің кілті табысталды. Жеткіншек шағын ауданында бой көтерген 16 пәтерлі, 2 қабатты тұрғын үй апатты жағдайдағы үйдің 16 отбасын қоныстандыруға мүмкіндік берді.

Аталған тұрғын үй құрылысы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның еншілес компаниялары—«КАТКО» БК ЖШС және «Қазатомпром-Сауран» тарапынан қаржыландырылып, халық игілігіне ұсынылды.

Салтанатты шараға арнайы қатысқан «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов әлеуметтік маңызы жоғары жобаның аудан дамуына қосар үлесін атап өтті.

Ұлттық компания өңірдегі инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды қолдауды алдағы уақытта да жалғастыратынын айтты.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жаңа қоныс иелерін қуанышты сәтпен құттықтады.

«Апатты үйлердің мәселесін шешу басты міндеттеріміздің бірі. Облыс әкімінің тапсырмасына сай бұл жобаны жаңғырту бағдарламасына енгіздік. Қаржы көзін анықтау үшін Қазатомөнеркәсіп компанияларымен келіссөздер жүргіздік. Бұл жобаның іске асуына қолдау көрсеткен «Қазатомөнеркәсіп» компаниясына, КАТКО мен Қазатомпром-Сауран басшыларына аудан жұртшылығы атынан алғыс айтамын. Жаңа баспаналарыңыз

құтты болсын!»—деді аудан басшысы.

Сонымен қатар «КАТКО» БК ЖШС-нің қаржы жөніндегі директоры Алмас Жанқабыл құттықтау тілегін білдіріп, компанияның әлеуметтік жауапкершілік бағытындағы жұмыстары жалғаса беретінін айтып өтті.

Жаңа тұрғын үй аудандағы әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында салынды. Пәтерлер заманауи талаптарға сай жабдықталған. Инженерлік желілермен толық қамтылған. Ауласы қоршалып, балалар ойын алаңшасы орнатылған. Сыртқы қасбеті металлопанельмен қапталып, талаптарға сай әрленген.

Жаңа басшы тағайындалды

Созақ ауданының «ERNUR-press» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Созақ аудандық бөлімшесіне жаңадан директор тағайындалды. Жаңа басшы Алимбетова Тұрсынай Жұрсинбековнаға газет-журналға жазылу және басқа да сауалдарыңыз болса осы байланыс телефон нөміріне 8-705-976-43-86 хабарлассаңыздар болады.

«Созақ үні»-ақпарат.

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ»

республикалық акциясы өтті

Созақ ауылдық мәдениет үйінде «Халық заңгері» жалпыреспубликалық акциясы ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты—азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру, құқықтық

кемелердің өкілдері азаматтардың өтініштерін жеке тыңдап, түрлі құқықтық бағыттар бойынша түсіндіру жұмысын жүргізді. Әсіресе жер мәселелері, әлеуметтік қолдау, білім және денсау-



сауалдарына нақты әрі жедел жауап беру және тұрғындар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланысты нығайту.

Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов, аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Нұрлан Мұратов және аудан прокурорының орынбасары Асылбек Сламбекұлы қатысып, тұрғындармен ашық пікір алмасты.

Қабылдау барысында заңгерлер мен жауапты ме-

лық сақтау, еңбек және отбасы құқығына қатысты сұрақтар көбірек қойылды.

Тұрғындарға қажетті заңгерлік көмектер көрсетіліп, арыз-өтініштерін тиісті органдарға жолдау бойынша нақты ұсыныстар берілді. Қатысушылар акцияның пайдалы әрі қажет бастама екенін айтып, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын жеткізді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Терроризмге қарсы комиссияның кезекті жиыны

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен терроризмге қарсы комиссияның кезекті отырысы өтті. Жиынға құқық қорғау органдары, қорғаныс істері жөніндегі бөлім, төтенше жағдайлар бөлімі, құзырлы мекемелер мен бірқатар бөлім басшылары, ауылдық округтер мен кент әкімдері қатысты. Жиын барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы негізгі мәселелер көңінен талқыланды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Ерлан Райымқұлов, Шолаққорған ауылдық округінің әкімі Жеңісәлі Төлепбергенов, Қызымшек кентінің әкімі Марс Әбіл және аудандық терроризмге қарсы комиссиясы мен жұмысшы топ хатшысы Ұлжан Шекеева баяндама жасады. Атқарылған жұмыстар мен алдын алу шараларына егжей-тегжейлі тоқталды.



Жиын қорытындысында аудан басшысы тиісті сала басшыларына қауіпсіздік шараларын одан әрі күшейту, профилактикалық жұмыстарды жүйелі жүргізу және ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын кеңейтуді тапсырды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

«Тәуелсіздік-еркіндік пен бейбітшіліктің кепілі» мерекелік кеші

Қарағұр ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен 16 желтоқсан—Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік-еркіндік пен бейбітшіліктің кепілі» атты мерекелік кеш өткізілді.

Іс-шараға Қарақұр жалпы орта мектебінің 7-сынып оқушылары қатысты. Шара

барысында Қарақұр жалпы орта мектебінің ұстазы Хилюлла Тәуелсіздікке арналған арнауын оқыды. Оқушылар Желтоқсан оқиғасына байланысты ақындардың өлеңдерін жатқа айтып, өз өнерлерін көрсетті.

Шараның мақсаты—оқушыларға Желтоқсан оқиға-

сын насихаттау, оларда еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру болды. Іс-шара соңында әсем әндер шырқалып, кеш тағылымды да мазмұнды түрде аяқталды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Семинар өткізілді

Тәуелсіздік күні қарсаңындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ұйымдастыруымен «Сайлау процесін ұйымдастыру мәселесі» тақырыбында округтік және учас-

Сонымен қатар кейістік сұрақтар қою тәсілі қолданылып, залда отырған учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерімен сайлау заңнамасын қолдану бойынша кең көлемді пікірталас жүргізілді. Іс-шара соңында



келік сайлау комиссиялары үшін оқыту семинары өткізілді. Іс-шара барысында сайлау күні туындауы мүмкін түрлі жағдайлардың шешу жолдары сахналық көріністер арқылы көрсетілді.

қатысушыларға Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының атынан алғыс хаттар табысталды.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.



Жыл қортындысы мәреге жетті

Жыл қортындысы ретінде Созақ ауданы әкімдігінің мәжіліс залында «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» іс-шарасы өтті. Шараға полиция бөлімінің өкілдері, мемлекеттік мекемелер қызметкерлері, психолог мамандар, қоғамдық ұйымдар өкілдері және акцияға белсенді атсалысқан сала қызметкерлері қатысты.

Іс-шараны Созақ ауданы әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы Ешанқұлова ашып, жүргізіп отырды.

Президиумнан («Давос» форматында) Созақ ауданы әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы Ешанқұлова, Созақ аудандық полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары Рүстем Нұрдаулет орын алды.

Бұл әрі қорытынды, әрі ерен еңбектерді бағалап марапаттау шарасына «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді 16 күн» республикалық акциясына атсалысқан қызметкерлер қатысып отырды.

«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді 16 күн» республикалық акциясына белсенді атсалысып,

қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі-зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оның деңгейін төмендетуге қосқан үлестеріңіз үшін шын жүректен құттықтаймын!

Сіздердің осы бағыттағы қажырлы еңбектеріңіз, азаматтық ұстанымдарыңыз және белсенділіктеріңіз-қоғамда зорлық-зомбылыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға, отбасы институтын нығайтуға және әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауға зор үлес қосып отыр. Осы бағытта жұмыстарыңыз жандана берсін дегім келеді,-деді аудан әкімінің орынбасары Алтын Ешанқұлова.

Зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді 16 күн» республикалық акциясына белсене қатысып, үлесін қосқан төмендегі бірқатар азаматтар мен азаматшалар аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды. Бірқатар азаматтарға Созақ аудандық полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары Рүстем Нұрдаулет аудандық полиция бөлімінің алғыс хаттарын табыс етті.

Олар Райымқұлова Рысты

Тәбетқызы, Өтебаев Абай Шәріпбекұлы, Ерденева Жансая Қалдыбайқызы, Кәдірханұлы Оразхан, Сейтқазиева Бақтыгүл Ғаниқызы, Мәлікайдаров Серғали Өмірзақұлы, Күзенбаев Айбар Сабарбекұлы, Әбдірашов Мәди Садықұлы, Жуматова Жанерке Аленқызы, Сматава Элмира Сайлаубекқызы, Омарбекова Майра Омарбековна, Жұмабаева Гүлайым, Саржанов Біржан Рысбайұлы, Керімбай Айгуль Дүйсенбайқызы, Абаханова Мафтуна Жанахматқызы, Бәбеева Айгерим Нұрланқызы, Уразова Ұлжалғас, Жунисбекова Жазира, Мырзалиева Шаттық, Алтаева Гүлзира ханымдар болды.

-Бұл-тек бір салаға ғана емес, бүкіл қоғамға ортақ іс. Сондықтан сіздердің әрқайсыңыздың еңбегіңіз құрметке лайық. Бүгінгі іс-шарамыз өз мәресіне жетіп отыр. Сіздерге зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс, отбасыңызға амандық, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге береке тілеймін!- деді аудан әкімінің орынбасары А.Ешанқұлова өзінің қорытынды сөзінде.

Акция аясында

«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді 16 күн» республикалық акциясы аясында Созақ аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері-әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы Айжан Манапова және Отбасылық-тәрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының полиция инспекторы Жанерке Жуматова ІІО ардагерінің отбасына арнайы барып, тақырыптық кездесу өткізді.

Кездесу барысында ардагер шаңырағына құрмет көрсетіліп, мерекелік құттықтау табыс етілді. Сонымен қатар тәрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасы құндылықтарын сақтау, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша түсін-

діру жұмыстары жүргізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – ұрпақаралық сабақтас-тықты нығайту, ардагерлерге құрмет көрсету арқылы отбасыдағы сыйластық, өзара түсіністік пен құқықтық мәдениетті дәріптеу, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеудің маңыздылығын насихаттау.

Ардагер отбасы полиция қызметкерлеріне көрсетілген көңіл мен қамқорлық үшін алғыстарын білдіріп, мұндай кездесулердің қоғамдағы бейбітшілік пен татулықты нығайтудағы орны ерекше екенін атап өтті.

Акция аясындағы іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, тұрғындар арасында құқықтық түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілетін болады.

Бақыт бастауы-берекелі отбасы

«М.Маметова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткен «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді 16 күн іс-әрекет» акциясы шеңберінде «Бақыт бастауы-берекелі отбасы» тақырыбында отбасылық толағай сайысы өткізілді. Жиынға Созақ аудандық полиция бөлімінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторы Айжан Манапова және облыстық психологиялық қол-

жолдары, балаларға психологиялық қолдау көрсету тәсілдері және отбасындағы қауіпсіз қарым-қатынас мәдениеті туралы жан-жақты мәлімет берді. Сонымен қатар Созақ ауданы білім бөлімінің психология саласы бойынша әдіскері оқушыларға алдын-алу шаралары бойынша қандай мамандарға жүгіну керектігін және қалай қорғануға болатынын түсіндіріп өтті.

Іс-шараға аталған сынып оқушыларын мектеп педа-



дау орталығының Созақ ауданы бойынша координаторы білім бөлімінің психология саласы бойынша әдіскері Ерденева Жансая Қалдыбайқызы, «Отбасын қолдау орталығының» бөлімше басшысы Біржан Саржанов, Жамбыл атындағы ШЖЖ-ББМ педагог-психологы Рауан Шылмамбетова, Созақ аудандық орталық емханасының профилактика бөлімінің бас психологы Шолпан Түкебаева іс-шараға келіп қатысып, оқушылармен ата-аналарға өз ойларын бөлісті. Оқушыларға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында инспектор оқушыларға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері, оның алдын алу

гог-психологтары және мектеп тәлімгері тақырыпқа байланысты сұрақтар қойып, оқушылармен еркін түрде пікір алмасты, психологиялық ойындар және көңілді жаттығулармен, сергіту сәттерімен керемет өткізілді. Барлық берілген тақырыптарды белсенді талқылаумен өткізіп, қатысушылар өз сұрақтарын қойып, маңызды ақпарат алды.

Осындай кездесулер мектептегі және қоғамдағы бөлек алып тұрған мәселе зорлық-зомбылықтың алдын алуға және өзара құрмет пен қауіпсіздікті нығайтуға, балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды қадамдар болып табылады.

«Созақ үні»-ақпарат.

"Қауіпсіз балалық шақ" концепциясы аясында өткен ойын



8 желтоқсан күні Созақ ауданының прокуратурасының ұйымдастыруымен «Заң мен Тәртіп» қағидатын ілгерілету мақсатында және «Қауіпсіз балалық шақ» концепциясы аясында мектеп оқушылары арасында қазақша КВН ойыны өткізілді. Ойынға аудан мектеп оқушыларынан құралған 5 команда қатысты.

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде өткен шараны оқушылар, ата-аналар, ұстаздар және жергілікті тұрғындар тамашалады. Кеш барысында командалар өздерінің тапқырлығын, өнері мен шығармашылық қабілеттерін көрсетіп, түрлі әзіл-сықақ көрініс-

терін ұсынды. Мұндай формат оқушылардың белсенділігін арттырып, ұйымшылдық пен еркін ойлауды дамытуға мүмкіндік берді.

Іс-шараның негізгі мақсаты-мектеп оқушыларына құқықтық тәрбие беру жұмыстарын жаңа, қызықты әрі әсерлі форматта жүргізу, балалардың құқықтық мәдениетін арттыру, олардың қауіпсіздігі мен жауапкершілік сезімін күшейту. Сонымен бірге «Қауіпсіз балалық шақ» концепциясының аясында кәмілетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтардың алдын алу, оларды қоғамдық пайдалы іс-шараларға тарту және бос уақытын тиімді ұйымдастыру көзделді.

Прокуратура қызметкерлері қатысушылардың өнерін бағалап, олардың құқықтық сауаттылықты ойын-сауық элементтері арқылы жеткізуге бағытталған әзілдерін жоғары бағалады. Кеш соңында үздік өнер көрсеткен оқушылар мен командалар аудан прокуратурасының Алғыс хаттарымен және арнайы естелік сыйлықтарымен марапатталды.

Созақ ауданы прокуратурасы алдағы уақытта да балалардың тәрбиесіне, құқықтық мәдениетіне және қауіпсіз дамуына бағытталған түрлі мазмұндағы шараларды тұрақты түрде өткізуді жоспарлап отыр.

Оқырмандарымыз хабардар болғанындай, аудандық «Созақ үні» газетіне 2026 жылдың I жарты жылдығына жазылым жалғасуда. Осы ретте, желтоқсан айының 1 күні «Волковгеология» акционерлік қоғамының «Оңтүстік ВГ» және «ГБЭ-5» филиалдарының бас кеңсесіне әріптесім Біржан Жандәулет екеуіміз барып қайтқан болатынбыз. Біз барғанымызда мекеме басшысы Құрманғали Бекішев жұмыс орнында екен. Амандық-саулықтан соң, Құрекен басқаратын филиалдың жұмысшыларға деп жасақталған лагерін аралап, қызметкерлеріне жасалған бар жағдайды көзбен көріп шықтық. Шынында, құрамында біздің ауданымыздың азамат-азаматшалары да бар компания жұмысшылары үшін барлық жағдай: асханасынан бастап, жуынып шайынатын душ-саунасы, демалып, жұмыстан тыс уақытта уақыт өткізетін мәдени және спорттық шаралардың барлығы дерлік қарастырылыпты. Тіпті, кинотеатр және кітапханамен де жабдықталыпты. Кітапхана сөрелерінде қазақтың классик ақын-жазушыларының шығармалары да қарастырылыпты. Лагердің маңайына жеміс ағаштары менен қара ағаштар да көптеп егіліпті. Тек, күз мезгілі болған соң жапырағынан айырылған ағаштар аса бір мен



ВОЛКОВГЕОЛОГИЯ-

Теріскейдің өндірісі мен әлеуметтік өмірінің арқауы

мұнда лап, айналаға көрік беріп тұрмады демесеңіз, көктем мен жазда жайқалып, жан-жағына әр беріп тұратыны айтпаса да белгілі еді. Жоғарыда аталған орындарды аралап шыққан соң, компания басшысының кеңсесіне келіп, Құрманғали Бекішевпен біраз әңгіме-дүкен құрдық. Құрекен:

«Сендердей журналистер күнде келе бермейді, сәті түскенде өзім қызмет ететін компания жайлы сөз етейін. Бәлкім, «Волковгеология» акционерлік қоғамының «Оңтүстік ВГ» және «ГБЭ-5» филиалдары жайлы аудан жұртшылығының бірі білсе, бірі білмес» деді.

Сонымен, Созақ ауданы – жер асты байлықтарына бай, ел экономикасына ерекше үлес қосып отырған өңір десек, соның ішінде Тайқоңыр мен Таукент кенттерінің тарихы мен бүгінгі келбеті «Волковгеология» акционерлік қоғамымен тығыз байланысты. Кен орындарын игеру, геологиялық барлау, уран өнеркәсібін дамыту – мұның бәрі өңірге жаңа тыныс, жаңа еңбек алаңын әкелді. Өңірді жұмыспен қамтып отырған ірі құрылым «Волковгеология» АҚ-ның «Оңтүстік ВГ» және

«ГБЭ-5» филиалдары бүгінгі таңда Созақ ауданындағы ең ірі жұмыс берушілердің бірі саналады. 1575 азаматтың тұрақты жұмыспен қамтылуы – аудан экономикасы үшін үлкен қолдау. Бұл тек жұмыс орны ғана емес, жүздеген отбасының әлеуметтік тұрақтылығы мен тұрмыс деңгейінің жақсаруы деген сөз. Геология саласының өзіне тән ауыр әрі жауапты жұмысы бар. Сол міндетті абыроймен атқарып жүрген мамандардың басым бөлігі жергілікті тұрғындар. Бұл – кадр даярлау, жастарды оқыту, кәсіптік бағдар беру ісінде де компанияның үлкен үлесі барын көрсетеді. Әлеуметтік жауапкершілік – компания саясатының негізгі бағыты «Волковгеология» тек өндірістік есеппен шектелмей, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ-ның басқа да еншілес кәсіпорындарымен бірлесе отырып, әлеуметтік жауапкершілікті жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Тайқоңыр мен Таукенттің қалыптасу кезеңінен бастап бүгінгі дамуына дейін компания қолтаңбасы айқын көрінеді. Кенттердегі жол, жарық, су, санитарлық тазалық, кәріз жүйесі секілді негізгі инфрақұрылымдық мәселелерді шешуге тұрақты түрде атса-

лысуы – компанияның өңірге деген жанашырлық көзқарасын дәлелдейді. Төрт ауылдағы ауыз су тапшылығы шешімін табуда Қаратау, Бабата, Құмкент және Қарақұр ауылдарындағы ауыз су тапшылығы-соңғы жылдары жиі көтеріліп келген мәселе. Осыны ескерген «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ 224 млн теңге бөліп, «ГБЭ-5» филиалы сегіз су ұңғымасын бұрғылауды бастады. Бұл – аудан халқы күтіп жүрген маңызды бастама. Жаңа ұңғымалар іске қосылғаннан кейін бұл ауылдардағы ауыз су тапшылығы айтарлықтай жеңілдеп, тұрғындардың тұрмыс сапасы артады деп күтілуде. Экология – ортақ жауапкершілік Созақ ауданының экологиялық жағдайын жақсарту да «Волковгеологияның» басым бағыттарының бірі. Биылғы «Таза Қазақстан» акциясы аясында Таукент пен Тайқоңырда, сондай-ақ вахталық кенттерде 17 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Бұл – өңірдің жасыл желегін көбейтумен қатар, экологиялық мәдениетті нығайтатын, келешекке бағытталған жұмыс. Әлеуметтік көмектің нақты көрінісі. Аудан орталығынан шалғай орналасқан Тайқоңыр ауылында қыс маусымына дай-

ындық кезінде әлеуметтік жағынан аз қамтылған тұрғындарға 30 жүк көлігімен ағаш отыны тегін берілді. Бұл ауылдың тұрмыс жағдайын жақсы түсінетін, нақты қолдау көрсете алатын өндіріс құрылымының әлеуметтік жауапкершілігі. Көпбалалы отбасыларға, аз қамтылған жандарға оқу жылы қарсаңында мектеп құралдары сыйға беріліп, мерекелерде түрлі сыйлықтар үлестіріледі. Компанияның қоғаммен байланысы тек ресми қолдаумен емес, адамгершілікке негізделген жүйелі көмекпен ерекшеленеді. Әлеуметтік нысандарға қамқорлық «Оңтүстік ВГ» филиалы ауылдағы мектептер мен балабақшаларға қажет болғанда жөндеу жүргізіп, материалдық қолдау көрсетіп келеді. Сонымен қатар ауылдағы мәдени және спорттық шаралардың белді де-меушісі. Бұл – жас ұрпақ тәрбиесіне, ауыл өмірінің жандануына қосылған нақты үлес. Өндіріс пен өңір: ортақ даму жолы Тайқоңыр мен Таукенттің бүгінгі мен ертеңін «Волковгеологиясыз» елестету қиын. Өндіріс пен өңір тағдыры бір арнада тоғысқан. Жер қойнауын игеру арқылы ел қазанын толтырып жүрген кәсіпорын, сонымен бірге, халықтың игілігіне қызмет етіп келеді. «Волковгеология» – Созақ ауданы үшін жай кәсіпорын емес, тұрақты-

лықтың, дамудың, серіктестіктің символы іспетті.

Иә, өндірістің өңір саналатын біздің ауданымыз үшін «Волковгеология» АҚ-ның «Оңтүстік ВГ» және «ГБЭ-5» филиалдарының маңызы ерекше. Бұл жайында жоғарыда тоқталып, жік-жігімен айтып шықтық. Ендеше, жерлесіміз, аудандық мәслихаттың депутаты, «Волковгеология» АҚ-ның «Оңтүстік ВГ» және «ГБЭ-5» филиалдарының басшысы Құрманғали Бекішев мырза менен қызметкерлеріне еңбектерінде талай табыс, отбасыларына, кәсіптері менен нәсіптеріне береке тілейміз! Ә, айтқандай, Құрекен басқаратын кәсіпорын бұрындары да біздің «Созақ үні» газетіне «ҚазПошта» арқылы жазылатын. Бұл жолы редакцияның өзіне тікелей жазылды және ауданымыздың төл газетіне алдағы уақыттарда да жалғасты түрде жазыла береміз деп сендірді!

Данияр БЕК,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі.
«Созақ үні» газетінің аға тілшісі.

Хабарландыру!

«Сузак Фосфат» ЖШС Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1 фосфорит кен орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін орны: Түркістан облысы, Созақ а-ы, Құмкентауылы Ж. Есіркепхлы кө-сі Құмкент ауылдық мәдениет үйі.

Өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 19 қаңтар сағат 10:00-де.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары 43°43'34" – 43°41'20" ш.б. және 69°31'06" – 69°23'35" шығыс.

Жобалық құжаттама пакетімен ҰДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz, сондай-ақ ЖАО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>, сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар ҰДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz болады, сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Zoom кездесуіне қосылу <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNkRUT09>

Жеке конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады Тапсырыс беруші: «Сузак Фосфат» ЖШС, Шымкент қ., Қаратау ауданы, 233 кв-л, ст-ие №57, БСН: 170840011047, сым 8-775-666-11-65, Sc-lawyer@mail.ru.

Қоршаған ортаны қорғау бөлімін жобалаушысы ЖШС «ПромЭкоСтандарт», gulnaz_91@mail.ru. БСН 240340025649, Шымкент қ., Тұрана., М.Пошанов кө-сі 32/28 ғим, сым 8.77781524535.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда "Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

Объявления

ТОО «Сузак Фосфат» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» для план горных работ на разработку месторождения фосфорита «Ушбас-1» открытым способом в Сузакском районе, Туркестанской области.

Место проведения: Туркестанская об-я, Сузакский р-н, с.Кумкент, ул.Ж. Есіркепхлы, сельский мәдениет үйі.

Дата и время проведения: 19 января 2026 года в 10:00.

Географические координаты территории воздействия 43°43'34" – 43°41'20" С.Ш. и 69°31'06" – 69°23'35" В.Д.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на информационной системе НБД <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний. В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNkRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Дополнительную информацию можно получить по адресу Заказчик ТОО «Сузак Фосфат», г. Шымкент, Каратауский район, 233 квартал, строение №57, БИН: 170840011047, тел 8-775-666-11-65, Sc-lawyer@mail.ru.

Проектная организация ТОО «ПромЭкоСтандарт», gulnaz_91@mail.ru. БИН 240340025649, Шымкент, р-н Тұрана, ул.М.Пошанова, зд-е 32/28, моб.8.77781524535.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» по следующим адресам: г.Туркестан мкр.Новый город, улица 32, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3150 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев